



Бастапқы гидридтік комплекс (7) бастапқы комплекстік (6) жүйеде бар протондар донорларымен (ROH, HNaI және т.б.) әрекеттесу нәтижесінде түзіледі. Айналулар тізбегі (а-д сатылары) лигандтық алмасу (а,б және г) және ендіру (в және д) реакцияларының тізбегі болып табылады. Соңғы сатыда (е) ацилдік комплекстің (9) алкоголизі жүріп, реакция өнімі түзіледі және сонымен бірге гидридтік комплекс (7) регенерацияланады. Бұл механизмдегі маңызды нәрсе аралық бастапқы алкилді (8) және ацилді (9) комплекстерінің түзілуі болып табылады.

Екінші мүмкін болатын механизм «алкоголяттық» деп аталады, себебі реакция барысында бастапқы аралық интермедиат түрінде алкоксилді (алкоголятты) комплекс $(R^1O)PdXL_2$ (10) түзіледі деп болжанады [36-37]. Механизмді келесі сұлба түрінде көрсетуге болады:



Мұндай механизмнің дәлелі карбалкоксилатты интермедиаттарды (10) бөліп алу болып табылады [38].

Механизмнің үшінші түрі де («координациялық механизм») болу мүмкіндігі болжанған, бұл механизмде соңғы өнім металкомплекс түзушінің координациялық сферасында қанықпаған субстраттың CO-мен әрекеттесуі кезінде қалыптаса бастайды. Мұндай механизмді [15] төмендегі сұлба түрінде көрсетуге болады.



3. Практикалық бөлім [39]

3.1. Олефиндерді металкомплексті катализаторлар қатысында көміртек монооксиді және спирттермен гидроэтерификациялау реакциясын жүргізудің жалпы әдістемесі

Олефиндерді гидроэтерификациялау реакциясын 1-суретте көрсетілген автоклав типтегі лабораториялық қондырғыда жүргізеді. Қондырғы: автоклавтан 1, магнитті араластырғыштан 2, изобутиленді жіберу үшін арналған дозалаушы құралдан 3-9, үлгілік монометрлерден 11 және 12, араластырғыштан 13, электр қыздырғыштан 14, фторопласты ұштықтан 15, термопарадан 16, термореттегіштен 17, көміртек оксиді бар баллоннан 18 және изобутилені бар баллоннан 19 тұрады.